

Қаралды  
ӘБ отырысында  
Хаттама № 1  
Оралбаев Д.С.  
27.08.2024

Келісемін  
директордың ТІЖ  
орынбасары  
Сулейменова А.А.  
28.08.2024

Бекітемін  
Астана қаласы  
әкімдігінің «Р. Қошкарбаев  
атындағы № 44 ӨМ ПЕЖ»  
МКК директоры  
Култаева Д.М.  
28.08.2024



**Күнтізбелік – тақырыптық жоспар**  
**Календарно – тематическое планирование**

Секция: **Тоғызқұмалақ**  
Мұғалім: **Оралбаев Д.С.**  
Жыл бойы сағат саны: **102**  
Аптасына **3 сағат**

Астана 2024- 2025ж

### Түсінік хат.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру-қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы қазақ халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ қазақ халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Тоғызқұмалақ ойыны-өте қызық әрі терең ойлауды талап ететін, халқымыздың даналығын көрсететін ұлттық ойындарының бірі. Халқымызбен бірге жасасып келе жатқан тоғызқұмалақ ойыны қазір кең тарап, дамып, жетіліп келеді.

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді.

## *«Тоғызқұмалақ» секциясының мақсаттары, міндеттері мен бағыттары*

### *«Тоғызқұмалақ» секциясының мақсаты:*

- Ұлттық өнерімізді әрі қарай дамыту, насихаттау;
- өсіп келе жатқан жасөспірімдерге үйрену, өз бетімен айналысуға баулу;
- балаларды логикалық ойлауға, математикалық ықшам сақтау әдістеріне үйрету;
- ойынға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы қатысушылардың санымен, сапасын өсіру.

### *«Тоғызқұмалақ» секциясының міндеті:*

- «Тоғызқұмалақ» сабақтарына міндетті түрде қатысу;
- өзінің даярлығын арттыру және спорттық шеберлігін жетілдіру;
- спорттық бұқаралық бағытта өткізілетін шараларға белсене қатысу;
- мұғалімнің нұсқау кеңестерін пайдалана отырып, жаттығуларды өз беттерімен орындау;
- тоғызқұмалақ теориялық білімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану

### *«Тоғызқұмалақ» секциясының бағыттары мен сабақтарына қойылатын талаптар:*

- ❖ оқушыларға жан-жақты да тиянақты білім беруді қамтамасыз ету, бұл орайда олардың денсаулығын нығайту;
- ❖ сабақтың білімділік және нұсқаулық бағыттылығын ескеру;
- ❖ оқушылардың бойында тоғызқұмалақпен өз бетімен шұғылдануға қажет дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру; оқушылар өздігінен шұғылдануға арналған тапсырмаларды сабақта алады;
- ❖ баланың рухани қабілеттілігін ашу және дамыту, оның қоршаған ортада өзін өзі айқындауы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау.

**«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жылдық жоспары**

| №  | Тақырыбы                                             | Сағат саны | Мерзімі |
|----|------------------------------------------------------|------------|---------|
| 1  | «Тоғызқұмалақ» тарихы                                | 3          |         |
| 2  | Ойын ережесін түсіндіру                              | 3          |         |
| 3  |                                                      |            |         |
| 4  | Ойынды жазып ойнау тәртібі                           | 3          |         |
| 5  |                                                      |            |         |
| 6  | Жүріс дәлдігі                                        | 3          |         |
| 7  | Жүріс саны                                           | 3          |         |
| 8  | Тоғызқұмалақ есептері                                | 3          |         |
| 9  | 2 құмалақ ұтып алуға арналған есептер                | 3          |         |
| 10 | 3 құмалақ ұтып алуға арналған есептер                | 3          |         |
| 11 | 4 құмалақ ұтып алуға арналған есептер                | 3          |         |
| 12 | 5 құмалақ ұтып алуға арналған есептер                | 3          |         |
| 13 | Тұздықтың атқаратын қызметі                          | 3          |         |
| 14 | Тұздық берудің ерекшеліктері                         | 3          |         |
| 15 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: комбинация | 3          |         |
| 16 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: шабуылдау  | 3          |         |
| 17 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: қорғану    | 3          |         |
| 18 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: байлау қою | 3          |         |

|    |                                                            |   |  |
|----|------------------------------------------------------------|---|--|
|    | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: тұздық алу       | 3 |  |
| 20 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: тұздық беру      | 3 |  |
| 21 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: тұзақ құру       | 3 |  |
| 22 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: айырбасқа шақыру | 3 |  |
| 23 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: жүріс қысқарту   | 3 |  |
| 24 | Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: жүріс көбейту    | 3 |  |
| 25 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Тектұрмас» бастамасы            | 3 |  |
| 26 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Атөтпес» бастамасы              | 3 |  |
| 27 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Атсыратар» бастамасы            | 3 |  |
| 28 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Бел» бастамасы                  | 3 |  |
| 29 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Белбасар» бастамасы             | 3 |  |
| 30 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Қандықақпан» бастамасы          | 3 |  |
| 31 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Қырғыз қорғанысы»               | 3 |  |
| 32 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Тараз және Зайсан қорғанысы»    | 3 |  |
| 33 | Тоғызқұмалақ бастамалары: «Көкмойын» бастамасы             | 3 |  |

«Мандай» бастамасы

3